“АЛДЫМЕН ЭКОНОМИКА...”

Он бес жылда ел жаңа

Елу жылда — ел жаңа деуші еді бабаларымыз. Егемендікке қол жеткізгеннен бері елімізде жаңа саяси-әлеуметтік, жаңа экономика, әлем өркениетінің өктем талабынан туған жаңа жүйелер дүниеге келді. Мазмұны мен маңызы, салауаты мен сапасы жағынан олар қазақ қоғамының өткен ғасырлар бойы қалыптасқан бетпердесін күрт өзгертті. Бүгінгі Қазақстанның бет-әлпеті демократия мен нарық экономикасы. Бұған біздер тек тәуелсіздік жылдары қол жеткіздік. Сондықтан да біздер елу жылда емес, он бес жылда экономика жаңа, ел жаңа деп айта аламыз.

Бүгін тәуелсіздігімездің 15 жылдығын атай отырып, осындай тұжырым жасауға толық негіз бар. Дегенмен оған жету үшін талай қиындықтарды бастан кешіруге тура келді. Талай рет ойпарасатымызды қамшылап соны шенимдерге бел байлап, ауқымды реформалар жүргізін, талай белестерден сүршбей өту керек болды. Олар бүгін артта қалып, тарих еншісіне айналды. Десек те, оларды еске алғанымыз жөн, өйткеін, олар біздің ерлігіміз бен өрлігімздің айғағы, қазақ елінің мына қилы заманда таңдаған тарихи шеинмінің дұрыстығының куәсі. Сонымен қатар өткен кезеңдерден алынған сабақтың болашаққа жүретін жолдардың қамын дұрыс ойластыруға да тигізетін әсері мол.

Сондықтан да біздің әңгімеміз өткен жылдар, өткен жолдар туралы. Оның негізгі арқауы — экономика. Егемендіктің алғашқы жылдарында ең қиын жағдайлар осы салада болды, ең ауқымды реформалар да осы салада жүргізілді. Ешбір елге еліктемей, тек өзіңе, Қазақстанға тән экономикалық дамудың үлгісін жасау керектігінен, егемендіктің нағыз тың, соны жолдары осы саладан басталды. 15 жылда жаңа ел болдық деп мақтанышпен айтуымыздың астарында да осы экономика саласында бүгін қол жеткен қомақты табыстар жатыр.

“Алдымен экономика” — деп ұран тастады тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев қоғамдағы реформалардың алғашқы басталар шағында. Егемендік алғаннан кейінгі іс-қимылдың ең басты бағыты, шешуші басымдылығы осы экономика саласы деп атап көрсетті. Бұл дұрыс пікір еді. Өйткеш жеке басты ғана емес, әр елді, әр халықты тұрмыс билейді. Ал тұрмыстың негізі, оның жақсылық-жамандығы экономикада, оның тиімділігі немесе тиімсіздігінде. Сондықтан қоғам алдына қоятын үлкенді-кішілі мақсатың, оның орындалуы ел экономикасының мүмкіндігіне байланысты. Саясат та экономиканың шоғырланған келбеті.

Тоқырау. Күйзеліс

Өткен ғасырдың 70-80-ші жылдары әлем дегейінде өте тиімді ғылыми-техникалық жаңалықтар ашыла бастады. Электроника, композитті материалдар, ғылым жаңалығымен сомдалған технологиялар, тағысын тағылар. Оларды пайдалана білген елдердің өндіргіш күштері күрт өсті, еңбек өнімділігі еселеп артты. Нәтижесінде көптеген елдердің өндірісінің технологиялық деңгейі өсіп, жанарып, ал экономикасында жаңа, өте тиімді салалар қалыптасып, тез дами бастады. Бірақ кеңес экономикасында бұндай игілі өзгерістердің бірі болған жоқ, сол кездегі маңызы мен пайдасы өте жоғары ғылыми-техникалық революцияның (төңкерістің) екінші толқыны Кеңес Одағын, оның экономика саласын сырт айналып өтті. Әкімшілік экономикасының басты кемшілігі осында, ғылым мен техника жаңалығын игеруге деген икемсіздігінде, самарқаулығында, оған мән бермеуінде болды.

Осының салдарынан әкімшілік экономикасы жылдан жылға өзінің тиімділігін азайта берді, ал жоғарыда көрсетілген қайшылықтар мен кемшіліктер оларды жою үшін тиісті шаралар қолданылмағаннан кейін барған сайын қордаланып, ел экономикасын тіпті баяу да болса дамуға емес, тоқырауға тірелтті. 1990-1992 жылдары кенес экономикасы дамыған елдермен салыстырғанда еңбек өнімділігі жағынан 6 есе, энергия қуатын пайдалану жөнінде 3,5-4 есе, технологиялық деңгейі жағынан да 3 есе шамасында төмен болатын. Алынған жоспарлар жылдан жылға орындалмай, халық тұрмысы жақсармай, ұзақ мерзімге созылған тоқырау заманы туды. Ақырында экономика саласындағы үлкен дағдарыс, оның баска елдермен салыстырғанда бәсекеге қабілеттілігінің күрт төмендеуі Кенес Одағының құлауының, оның құрамындағы республикалардың ыдырауының негізгі себептерінің бірі болды.

Егемендік алардың қарсаңында Қазақстан экономикасы да жоғарыда айтылғандай, тоқырау үстінде болатын. Артынан Одақ тарады, біздер де басқалар да егемендік алдық, 70 жылдан астам уақыт ішінде одақтас республикалардың бір-біріменің тығыз қалыптасқан, жан-жақты дамыған экономикалық байланыстары үзілді. Олар тек үзілп қойған жоқ, бірде — Қазақстанда баска республикалардан нарық жолымен жүреміз десе, олардың да өткен үрпақтарынан калған үлгі-тәжірибелері болды. Бізде, бізбен тарихи ортақтас қырғыз, өзбек, түркімен және тәжіктерде аталмыш үлгі болған жоқ.

Осындай жағдайда тиісті шешім қабылдау үшін батылдық пен табандылық, үлкен жауапкершілік керек болды. Батылдық пен қайрат-жігерді Президент Назарбаев көрсете білді. “Мен нарық экономикасын таңдадым, онын мүмкіндіктеріне сенемін. Халқым менің сонымнан еріндер және осы нарық жолымен еш нәрсеге аландамай жедел жүрін отыруға бел байлаймыз” — деген Елбасының халыққа үндеуі Қазақстанның нарық экономикасына карай табанды да тарихи бетбұрысынын бастауы болды.

Кешікпей нарыққа көшудің ауқымды реформалары басталды. Жыл тұрғай әр күннің өзіне ғасырлар жүгін арқалатып, заманалық сипаттар дарытатын кезеңдер болады. Қазақстандағы экономикалық реформалардын әр кезеңі осындай заманалық сипатта болды десек, кателеспейміз.

Нарық экономикасына көшудің ен басты мәселесі мемлекеттік мүлікті ыдыратып, меншікті жекешелендіру болды. Қай елде болса да бұл өте жауапты науқан, көптеген елдерде осы саладағы реформаларға жылдар емес, ондаған жылдар кеткенін әлем тарихынан білеміз. Үш-төрт кезенмен жіктелген меншікті жекешелендіру науқаны бізде, Қазақстанда, бас-аяғы 8-9 жылдын шінде негізінен орындалды. 1995-1997 жылдар мемлекеттік мүліктің 60 пайызына жуығы жекешелендірілді, 2001 жылы елдің жекеменшік секторында кәсіпорындардын 74,4 пайызы, елдегі жұмыскерлердің 60 пайызынан артығы жұмыс істеп, олар республикадағы жалпы өнімнің 83 пайызын шығарып отырды. Кейін бұл көрсеткіштер тағы да өсті. Ал казір Қазақстан экономикасының қай саласын алсақ та олардын негізін қалайтындар жекешеленген кәсіпорындар мен ұжымдар.

Осындай жедел іс-қимылдардың қажеттігі кандай еді? Біріншіден, батыл реформалар және оларды тездетіп жасау біздің өз тандауымыз болды. Ауқымды реформалардың мемлекеттік бағдарламалары жасалып, халыққа ұсынылды, ел болып оны орындауға кірістік. Екіншіден, осы нарык жүйесіне біз де көшемиз деген бұрынғы әріптестердің, әсіолардың даму бағыттары анықталды. Шығын және орта кәсіпорындарды демеу, дамыту бағдарламалары іске қосылды.

Қорыта келгенде, Қазақстандағы жедел жылдарға арналған ауыл шаруашылығын дамыту, 2004-2010 жылдарға арналған ауылдағы елді мекендерді қалпына келтіру бағдарламалары қабылданды. Қазақстан

алдында боласың, шешімін таба алмасаң көш сонында қаласың деген осы.

Тұрақты даму жолында

1997-1998 жылдардағы әлемдегі, өсіресе Онтүстік Азия елдеріндегі, Ресей Федерациясындағы каржы саласындағы күйзелістер Қазақстанға да теріс әсерін тигізді. Дегенмен, 1999 жылы кейбір көріністері белгі беріп, 2000 жылдан бастап Қазақстан экономикасы үзбей тұрақты даму жолына шықты. Содан бері әр жылда республиканың ішкі жалпы өнімі 10% шамасында өсіп, даму қарқыны жағынан ТМД елдерінің алдына шықты. Нәтижесінде, ішкі жалпы өнімнің екі есе өсуіне жоспарлағанымыздай 10 жылда емес, 8 жылда қол жеткізуімізге мүмкіндігіміз толық бар.

Тұрақты даму жолы экономика саласында бұрынғыдан да ауқымды шаралар белгілеп, оларды іске асыруға жол ашты. Қазақстанның табиғи байлығын, өндіргіш күштерін, шетелдіктермен қатынастардан туған мүмкіндіктерді пайдалана отырып, жаңа экономиканы түбегейлі және жан-жақты жасақтау осы тұрақты даму жолына шығудан басталды.

1997 жылы Президент Назарбаев Қазақстанның 2030 жылға деингі Даму стратегиясын ел назарына ұсынды. Терең ойластырылған осы стратегия біздің бүгінгі іс-қимылдың және болашакта асатын асулардын жол нұсқаушысы болып отыр. Ел экономикасының әр саласының дамуына арналған мемлекеттік бағдарламалардың негізгі арқауы да осы Стратегия.

Аталмыш Стратегия негізінде 2003-2005 Қазақстан өндірісінде кенес дәуірінде орын алған сынаржақтықты одан әрі тереңдетуге әкелді. Нәтижесінде өңдеуші салалар дұрыс дамымай қалды. Ал даму үрдісі, әлем тәжірибесіне сүйенсек, тек экономиканың барлық салалары, әсіресе өндеуші сала, жан-жақты дамымай тұрақты бола алмайды. Осы сынаржақтықтан арылу үшін Индустриялық-инновациялық стратегия негізінде елде көптеген даму институттары жұмыс істей бастады, жана кәсіпорындар салынып, өндірісті ұйымдастырудын кластерлік (ұялық) үлгісі енгізілуде. Егер бағдарлама толық орындалса, біздер дамудын индустриялық сатысынан, постиндустриялық, инновациялық сатысына шыгу қарсаңында тұрмыз.

Аталмыш стратегияның екінші көздеген мақсатын жоғарыда атадық. Ол — жана экономика құру. Жаңа экономика дегеніміз білім мен ғылым негізінде дамыған экономика, яғни тек өнім, тауар шығаратын экономика емес, білімге білім қосып, ол ғылыми жаңалыкка айналып, ғылым жаңалығы жана технология туғызып, сонын негізінде дамитын экономика. Сондықтан да ол бұрынғымен салыстырғанда дамудын ең тиімді жолы. Әлем тәжірибесіне сүйенсек, казіргі таңда дамыған елдерде жана технология, жаңа білім негізінде үлттық ішкі өнімнің 75-80%-ы жасалынады. АҚШ-та, Жапонияда, Германияда, Канадада, Швеция, Финляндия, Норвегия елдерінде осы сипаттағы жаңа экономика жан-жакты дамып келеді. Осы жолға Азия елдері де түсу қамында.

Бізде жаңа экономика мәселелері тек тұрақты даму жолына түскенде көтеріле бастады. Адам капиталын дамыту мақсатымен білім саласының 5 жылдық бағдарламасы жасалып, ол орындалып жатыр. Президент атап көрсеткеніндей, таяу жылдарда ғылым саласына мемлекет тарапынан бөлінген каржы 25 есе өсуі керек. Қазіргі танда

Осы жылдары дамуымызға кедергі келтірін отырған сыбайлас жемқорлыктың толастамауы туралы айтпай кетуге болмайды. Бұл залалдан ажыраймыз деп арнайы зан алдық, талай рет Президент Жарлығы да шықты, үлкенді-кішілі қолданылып жатқан шаралар да жетерлік. Дегенмен жағдай өзгеретін емес. Олай болса сыбайлас жемкорлыққа карсы күрес үздіксіз жүргізіліп, оның пәрменді әдістері керек.

Жекешелендіру науқанында өз қалтамызда көп қаржы болмауынан және тәжірибе мен мамандардың аздығынан мемлекеттік меншіктің қомақты үлесі шетелдіктерге тиді. Мысалы, елдегі мұнай-газ корларынын 90%-ға жуығы трансұлттық, яғни шетелдік компаниялардың қолында. Бұл экономика саласында қауіпсіздік туғызбай коймайды. Казір ел қалтасы қалындады, жат жұрттағы Қазақстан мүлгін біртіндеп сатып алып, өз меншігімізге айналдыратын кез келді. Осы туралы бір ұтымды мемлекеттік бағдарлама жасау күн тәртібіне сұранып-ақ тұр. Әлем тарихында бұл тұрғыдан үлгі-тәжірибе де аз емес.

Ел межесі – елулік

Үстіміздегі жылдың басында “Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс қарсанында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы” атты Президенттің халыққа кезекті Жолдауы жарияланды. Осыдан екі жыл бұрынғы Жолдауында экономиканың, халықтың, жалпы мемлекеттің бәсекеге қабілетті болу мәселелерін көтеріп еді. Жаңа Жолдауында тек бәсекеге қабілеттілік емес, осы көрсеткіш бойынша әлемдегі ең алдыңғы 50 елдің санатына қосылу біздің дамуымыздың басты мақсаты деп көрсетіп отыр.

Оте маңызды және дәл уақытында ел назарына ұсынылып отырған асқақ мақсат. Өйткені, әлемдегі барынша өрбіп, қанатын жайған жаһандану үрдісінен тыс ешбір мемлекет болмайды. Соның ішінде ашық әрі демократиялық қоғам құрып жатқан Қазақстан одан шеткері қалмайды. Демек, дүние жүзі мемлекеттерінің ішінде алатын орнымыз осы бәсекеге қабілеттілікке байланысты. Экономиканың даму қарқынын үдетіп, оны ұзақ уақыт үстап тұру мүмкіндігі де осы бәсекеге қабілеттілікке байланысты. Халықтың тұрмысын үзбей жақсарта отырып, әлемдегі ең жақсы әлеуметтік стандарттарға жеткізу мүмкіндігі де осыған байланысты. Қорыта келгенде, үлттық дамудың келешектегі басты мақсаты да, міндеті де осы бәсекеге қабілеттілік. Бұл біздер, казақстандықтар үшін баршамыз іске асыруға жұмылатын шынайы үлттық идея.

Бәсекеге қабілеттілік тек қана адам басына шакканда ішкі жалпы өнім көлемімен, немесе еңбек өнімділігімен (олар, әрине, өте маңызды көрсеткіштер) өлшенбейді, іздеген мақсатқа жету үшін үлт болып, мемлекет басқару жүйесі болып және елде қалыптасқан кәсіпкерлік қоғам, кәсіпкерлік орта болып аталмыш бәсекеге қабілетті болу керек.

Қазір Қазақстан адам дамуы индексі жөнінде әлемде 80-ші орында, еңбек өнімділігі дамыған елдермен салыстырғанда 5-6 есе төмен, ғылыми-техникалық жаңалықтары аздау мемлекет. Осыны ескере отырып, адамның өмірі мен сапасына байланысты салаларға, әсірее білім-ғылым, денсаулық сақтау салаларына мемлекет миллиардтаған каржы бөліп жатыр. Бұл — ұзақ қолданыла-

құрамындағы республикалардың ыдырауының негізгі себептерінің бірі болды.

Егемендік алардың қарсанында Қазақстан экономикасы да жоғарыда айтылғандай, тоқырау үстінде болатын. Артынан Одақ тарады. біздер де басқалар да егемендік алдық, 70 жылдан астам уақыт ішінде одақтас республикалардың бір-бірімен тығыз қалыптасқан, жан-жақты дамыған экономикалық байланыстары үзілді. Олар тек үзілп қойған жоқ, бізде — Қазақстанда, басқа республикаларда да осы салада үлкен күйзеліске соктырды.

Одақтың қай өңірінде болмасын бой көтерген кәсіпорын бір емес, барлық республикалар мұқтаждығына жұмыс істейтін, ал өзіне керек құрал-жабдықтарды бүкіл Одақ көлеміндегі шығатын бұйымдардан жинастыратын. Кенес өкіметі экономиканы тығыз байланыстырудың бірден-бір тетігі осы деп білді. Осымен қатар экономика саласында кенес империясынын тағы бір жымысқы саясаты үзбей қолданылып отырды. Ол — әр дербес республика өндірісін Ресейге, орталықтың кіндігіне мықтап байлау. Осы мақсатпен, мысалы, Өзбекстанда жиналған мақта өз елінде емес, Ресейде өңделді. Қазақстанның шығысында өндірілген түсті металдар Ресейде, Украинада, басқа республикаларда өңделді. Екібастұздың көмірін Ресей электр стансалары пайдаланды, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатының өнімдері Теміртауға емес, Ресей металлургиялық зауытқарына жіберілді.

Жалпылай алғанда, Қазақстанда өндірістің өңдеуші салалары өте мардымсыз дамыды. Жер астынан алынған, жер үстіндегі байлықтың да дені басқа республикаларда, әсіресе, Ресейде өңделп жатты. Сол кездері Қазақстан экономикасына керек құрал-жабдықтардың 3/4 бөлігі Одақтың басқа өңірлерінен келетін еді. Біз ылги осындай Одақ экономикасына деген шексіз тәуелділіктің, онын бұйымдарына деген үлкен мұқтаждықтын шеңберінде болдық.

Сонымен, республикааралық экономикалық байланыстар үзілді, басқа жерлерден келетін жабдықтар тоқтады, оз елінде жасалған бұйымдар да бұрынғыдай басқа республикалардан көлемді сұраныс таппады. Соның салдарынан республикадағы экономикалық кеңістік күрт шектеліп, азайды. Мысалы, 1992-1993 жылдары Қазақстан халық шаруашылығының көптеген салаларында қәсіпорындардың жартысына жуығы, ал жеңіл өнеркәсіп пен кейбір өндеуші салаларда 60-тан 80 пайызға дейіні жартылай жұмыс істеп немесе толық тоқтап тұрды. Елде жұмыссыздық барынша өсіп, экономика күйзеліске кірді.

Егемендік алардың қарсаңында және тәуелсіздіктің алғашқы жылдары экономикада орын алған катты күйзелістің себебі мен сипаты осылар болды. Қазақстандағы ішкі жалпы өнімнің (ІЖӨ) жылдағы көлемі 40 пайызға жуық азайды. Осындай күлдыраудың 80 пайызының себебі елдің экономикалық байланыстарының үзілуінен болды. Тек бізде тана емес, басқа республикалардың мамандары да осындай тұжырымға тоқтады. Сөйтіп, егемендікке қол жетіп, бұрынғы одақтас республикалармен, қазір біздер сияқты егемен болған елдермен енші айырысудың ең қиыны осы экономика саласында болды.

Ауқымды реформалар

Экономика — өте терең және күрделі құбылыс. Оның заңдарын, тетіктерін білп, оларды жақсы игермей, бір жүйеден екінші жүйеге көшу өте қиын да кауіпті қадам. Жаңа жүйеде жұмыс істейтін қалын бұкара оның заңдылықтарын білмесе, оның жақсы мүмкіндіктеріне сенбесе, тіпті қиын.

Жаңа, яғни нарық экономикасын білмеу де, оған сенбеу де біздің қоғамда білініп тұрды. Өкініпке орай, ғасырлар бойы қазақ көші сомдаған тарихи санамызда да нарық экономикасының ізі жоқ болып шықты. Егер ресейліктер нарыққа көшеміз десе, олар Қазан төнкерісіне дейін аталмыш жүйе арқылы көп жылдар дамыған ел болатын. Егер Балтық бойы елдері, немесе грузиндер, қай саласын алсақ та олардың негізін қалайтындар жекешеленген кәсіпорындар мен ұжымдар.

Осындай жедел іс-қимылдардың қажеттігі қандай еді? Біріншіден, батыл реформалар және оларды тездетіп жасау біздің өз таңдауымыз болды. Ауқымды реформалардың мемлекеттік бағдарламалары жасалып, халыққа ұсынылды, ел болып оны орындауға кірістік. Екіншіден, осы нарық жүйесіне біз де көшеміз деген бұрынғы әріптестердің, әсіресе Ресейдің, беталысы бізге демеу болды. Үшіншіден, (оны айтпай кетуге болмайды) көптеген халықаралық ұжымдардың (Бүкіләлемдік банк, Халықаралық валюта қоры, тағы басқалардың) бізге осы жолға түсу үшін жасаған өктем үгіті мен итермелеуі себеп болды. Олардың талабы һәм әртүрлі көмегі біздерді, бұрынғы республикаларды, Кеңес Одағы құрамына қайтадан қосылмау үшін тез тоскауылдар қою мақсатын көздеген еді.

Экономикалық реформалардың шешуші саласының бірі бағаны ырықтандыру болды. Нарық дегеніміз әркім өз таңдауымен жасайтын кәсіпкерлік, ал шығарған бұйымдардың бағасы тек оларға деген сұраныс арқылы анықталады. Шығарылған бұйым сұраныс таппаса, оның құны болмайды, ондай кәсіпкерлік дамымайды. Нәтижесінде сұраныс пен бағаның тығыз байланысы арқылы экономика тиімділігі артады. Бұл әкімшілік экономикасына қарама-қарсы қағида. Жаңа экономиканы жасақтаудағы шешуші қадамның бірі. Қазақстан бағаны ырықтандыру реформаларын да жедел бастады. Кейбір салалар (тамақ өндірісі, халыққа қызмет көрсететін ұжымдар) болмаса, қалған салаларда тез арада баға ырықтандырылып, тек сұраныс арқылы деңгейі анықтала бастады. Бірақ, осы жолда көптеген бұйымдардың бағалары шарықтап, жай еселеп емес, он-жүз еселеп өсіп, көптеген қиындықтар көрдік.

Реформалардың тағы бір шешуші саласы Қазақстаннын басқа елдермен сауда жүйесін ырықтандыру болды. Нарық дегеніміз ашық экономика, әлем елдерімен сауда қатынасы ашық және екі жақка да тиімді түрде қалыптасуы керек. Оның да тиімділігі мен тиімсіздігін анықтайтын сұраныс пен баға. Осындай өркениетті жолға түсу міндеті бұрын осы жағынан тәжірибесі аз, тіпті жоқ деп айтсақ та болады, егемен Қазақстаннын алдында тұрды. Осы саладағы іс-қимылдарға да біздер көп бөгелмей кірістік. Көптеген елдермен әлемде қалыптасқан үлгі негізінде сауда саласына байланысты келісімдер жасадық, тиісті заңдар қабылданды. Ен басты мәселелердің бірі шетел инвесторларының келуіне қолайлы жағдай жасау болды. Өйткені қай елге болса да шет жерден инвестициялық қаржы келуі сол елдің инвестициялық қолайлылығына (инвестициялық климатына) байланысты. Шет ел қаржысына өте мұқтаж Қазақстан осы мәселені де дұрыс шеше білді. Тәуелсіздік жылдары Қазақстанға 50 млрд. доллардан астам инвестиция келді. Олар көптеген салалардың бой түзеуіне, әсіресе мұнай-газ өндірісін тез дамытуға негіз болды. Адам басына шаққанда шет елден келген инвестициялар бойынша Қазақстан барлық ТМД елдерінің бұрын да бүгін, де алдында. Ал Халықаралық валюта қоры бүгінгі Қазақстан инвестицияға деген қолайлылығы жағынан әлемдегі ең алдыңғы 20 мемлекеттің санатына қосылды деп отыр.

Шет елдермен экономикалық байланыс кеңістігі Қазақстан Одақ құрамында болғанда да, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында да өте аз, тар болатын. Сол кездерде республикалардан шығатын бұйымдарға сұраныс етіп отырған елдердің саны 10-нан аспайтын, ал бізге бұйымдар сататын Одақтан тыс елдердің саны одан да аз болатын. Бүгін Қазақстан әлемдегі 215 елдің 171-імен саудасаттық қатынаста, 45,0 миллиард доллардан астам көлемде олармен тауар айналымы бар. Және де бұрын сауда негізінде ТМД елдерімен, әсіресе, Ресеймен болса, қазір Қазақстандағы тауар айналымының дені алыс шет мемлекеттермен, әсіресе Еуропа Одағымен, Қытаймен, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен болып отыр.

Реформалардың негізінде Ұлттық банк құрылды, ұлттық валюта — теңге іске қосылды. Шағын және орта кәсіпорындарды демеу, дамыту бағдарламалары іске қосылды.

Қорыта келгенде, Қазақстандағы жедел реформалар негізінде нарық экономикасы бой көтерді, олардың тиісті тетіктері жасалды, институттық орындары мен байланыстары құрылды. Даму үрдісінде тұрақтылық орнай бастады. Әлем экономикасына қалыптасқан өркениетті үлгі негізінде жетілдермен сауда-саттық қатынастары онап, олар жылдан-жылға кеңейе бастады. Нәтижесінде Еуропа Одағы, басқа елдер Қазақстан нарық экономикасынын елі деп танып, мойындады.

Дегенмен, оны да айтуымыз керек, ауқымды реформалар барысында білмегендеріміз бен жоғалтқандарымыз да аз болмаған жоқ. Мүлікті жекешелендіру науқаны кетеген қайшылықтармен өтті. Мемлекеттік үлкті қолындағы әкімшілік мүмкіндігін пайдаланып арзан бағамен сатып алушылар болмаған жоқ, осының салдарынан бай мекемедейдін, байлығы қолындағы топ пен байлықсыз топтың ара-жігі үлкейіп, халықты наразылығын тудырды.

Жоғарыда біз совет заманындағы оқтасы сыпырылған баға алғашқы кезеңге шарықтап өсті дедік. Оның себептері ы болды, ал негізгісі біздегі жаңа салық жүйесінің кемшіліктерінен болды. 1993 жылдың астан С.А.Терещенко басқарған Үкімет жаңа салық жүйесін, соның ішінде қосылған құн салығын іске қосты. Бұл біздің экономикамызға жат салық түрі еді, мен ы осы күнге деин жат, бізге тиімсіз салық еймін. Өйткені, аталмыш салық нарық экономикасы елдерінде осыдан 15-20 жыл бұрын, олар өбден дамып, тауар тапшылығын жеңу үшін емес, артық тауар шығару үрдісі тежеу үшін енгізілген болатын. Және шет елдерде осы салық тауар айналымын бірақ, ақырғы сатысында алынатын болып реттелген. Сол кездегі қосылма құн салығы Норвегияда 18%, басқа Еуропадағы елдерде 13-14%-дан аспайтын. Біз бұл осы салықты тауары жетіспей, күйзеліп тұрған ел экономикасына енгіздік. Және оны алатын тауар айналымынын сапы дұрыс анықталмай, ол жүрген жолдың бағысында алынатын болды. Осыған қосылма құн салығы тұтынушылардан і елдердегідей 13-18% емес, 28% ағны, 2 есе көп деңгейде алынатын болды. Сол келіп тауарлар бағасы елімізде ондап емес, жүз еселеп өсіп, экономиканы қатты күйзеліске ұшыратты, халық тұрмысын қиындетті.

Жоғарыда айтқан, басқа үлкендікішілі кемшіліктер экономикадағы күйзелістердің себебі болды, соның салдарын осы жүргізіп жатқан реформалары, жалпы нарық экономикасы біздер үшін ұрыс па, егемендігімізге қауіп емес пе де сұрақтар да туды. Дегенмен, нарық экономикасын таңдаған тарихи шешіміміздің және оны орындаудағы батыл іс-қимылдарын-бір дұрыстығына, кеиін уақыт өте ,, бір емес бірнеше рет көзіміз жетті. Аз-мерзімнің ішінде қиыншылықтарды жеңіп, тұрақты даму траекториясына шықтық.

Кейбір көрші елдер — бұл одақтас әріптестеріміз осындай батыл іемге бара алмады, әкімшілік экономиқтқасынан түбегейлі арылғысы келмеді, ақ жолындағы қадамдары өте баяу болды. Сол кейбір елдердің экономикасы бүгінгійін дұрыс бет түзей алмай отыр. Біз болсеформалар жағынан бүкіл ТМД елдерін алдына шықтық. Ресей Федерациясына әріптестеріміз, көптеген халықаралы ымдар мен шет мемлекеттер Қазақстанның экономикалық реформалардың озық үлгісі санайды. Бүгін біздер ғасырлар бонарық экономикасын дамытып келе жатқан алдыңғы қатардағы елдердің санаа қосылу қамындамыз. Әрбір жауапкезеңдерде дамудың дұрыс шешімін таңдап, көптің пікірін ескеріп, ортақ ой-пікірге келіп, ортақ шешім қабылдадық. Осы жолда біз ТМД елдерінің ішінде ерекше жол таңдадық. Ол — нарық экономикасына ашық, ашық есік саясаты. Ол — ашық есік саясаты, ол — ашық шекара, ол — ашық ақпарат. Ол — ашық ақша, ашық несие, ашық ақшалай кірісі. Ол — ашық ақпарат, ашық ақпарат, ашық ақпарат